

Бекітемін:
«Күншуақ» жекеменшік
бөбекжай-бақшасы»
әдіскері: Жақсылықова А.Ә.

«РЕСПУБЛИКАМ МАҚТАНЫШЫМ»

(Ересектер, «Ер Төстік» тобының мерекелік ертеңгілігі)



Тәрбиеші: Ходжа-Ахметова.К
Әміреева.А

Таушық ауылы, 12.12.2024ж

16 желтоқсан Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне арналған «Республикам мақтанышым» атты ертеңгілік

Мақсаты:

- 1) Балаларға тәуелсіз мемлекет туралы түсінік беру балалардың Отанға деген сүйіспеншіліктерін арттыру. Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері: Елтаңба, ту, әнұран туралы білімдерін қалыптастыру. Отан туралы тақпақтар, ән айтуға үйрету. Патриоттық сезімге баулу.
- 2) Балалардың тіл байлығын ой-өрісін, сөзді байланыстырып сөйлеу қабілетін дамыту.
- 3) Елімізді, жерімізді қадірлеуге, сүйуге тәрбиелеу. Көтеріңкі көңіл-күй сыйлау.

Тәрбиеші: Сәлеметсіздер ме құрметті қонақтар!

«Республикам мақтанышым» атты ертеңгілігімізге қош келдіңіздер!

Барша халық таныған,

Біздің үміт тілекті.

Шырқалғанда әнұран,

Шаттық кернер жүректі.

1. Хор: Әнұран орындау.

Тәрбиеші: Қазақстан Жоғары кеңесі 1991 жылы 16 желтоқсанда Қазақстанды тәуелсіз мемлекет деп жариялады. Бұл күн — Қазақстан тарихында «Тәуелсіз Қазақстан Республикасының туған күні» деп алтын әріптермен жазылды. Бұл республиканың барлық халықтары үшін маңызды тарихи оқиға болды.

Мұз жастанып азаматтық жолында,

Тәуелсіздік туы тұрды қолында.

Жеңіп шықты, бас имеді, қасарып

Сойыл таяқ ойнаса да жолында

Желтоқсан-ау, ұмтылмайсың жүректе

Ұрпақ өсер айналатын тірекке

Егемендік тиді міне еншіме

Желтоқсаным, жеткіздің ақ тілекке.

Біздің Отанымыз Қазақстан - тәуелсіз, егеменді мемлекет.

Тәуелсіздік үшін қаншама азаматтарымыз, ардақты ағаларымыз, ақылды жастарымыз ғұмырларын күреске арнап Тәуелсіздік жолында құрбан болған Ләззат, Сабира, Ербол, Қайрат есімді азаматтарымыздың есімін мәңгі есімізде сақтаймыз! Олардың аңсаған армандарымен үміт тілектері бұл күнде толық жүзеге асты. Қазақ елі тәуелсіздігін алды. Туымыз асқақтап төбемізде желбіреп тұр.

Тәрбиеші: Бақытым Республикам Қазақстан
Көгінде ақ көгершін, қаздар ұшқан
Соған жетпес құшағы әлемнің де
Қыс болса бір шетінде жаз ауысқан,-деп кезекті бүлдіршіндеріміздің
Отан туралы тақпақтарына кезек берейік.

2.Тақпақтар: Алуа, Әдемі, Мадина

Алуа:

Отаным туған жерім,
Өзің деп тербелемін.
Қазақ боп туғаным,
Мақтанып мен келемін.

Әдемі:

Отан-менің ата-анам,
Отан-досым, бауырым.
Отан-өлкем, астанам
Отан туған ауылым.

Мадина:

Көк тудың бетінде
Қыран бүркіт қанатты
Сол қырандай еркіндеп,
Бала өседі талапты.

Тәрбиеші: Көк аспандай тулайтын,
Желтоқсанның күні бұл.
Елім деген ұлдардың,
Елжірейтін күні бұл-демекші ересектер «Ер Төстік» тобының ұлдарының
орындауында «Тұлпар» биін қабыл алыңыздар!

3.Би «Тұлпарым»

Тәрбиеші: Ерте, ерте, ертеде емес,
Ел білмейтін өлкеде емес.
Егеменді елімізде,
Жерұйықты жерімізде, деп балалардың дайындаған ертегілеріне кезек
береміз.

4. «Қоян, түлкі және этеш» ертегісі.

Қоян-Мадина, түлкі-Айдай, иттер-Қарақат, Әдемі, этеш-Динара.

Тәрбиеші:

Тал шыбықтай бұралған,
Қазағымның қыздары-ай.
Сүйсіндірген биімен,
Өнерлі ғой қыздар-ай – деп ортаға биші қыздарымызды шақырамыз.

5.Би: «Текемет»

Қатысушылар: Алуа, Аянат, Айзере.

Тәрбиеші:

Кең байтақ көз жетпейтін жерім менің
Таулы орман, жасыл жайлау көлім менің,
Бүгінде бар әлемге даңқың жеткен
Тәуелсіз Қазақстан елім менің-дей келе **Тәуелсіздік туралы тақпақтарымен
бүлдіршіндерімізді шақырамыз.**

6. Тақпақтар: Тобыш, Сартай, Аянат, Айдай

Тобыш: Тәуелсіздік елдеміз,

Қуанамыз күнде біз.

Ата-бабам қалдырған,

Қазақтың біз батырымыз, сенсеңіз.

Сартай:

Он алтыншы желтоқсан

Ел мерейі тасыған.

Қазақ деген қалың жұрт,

Бәрін кешті басынан.

Аянат:

Он алтыншы желтоқсан

Тәуелсіздік алған күн

Ерекше боп мәңгілік

Ел жадында қалған күн

Айдай:

Тәуелсіздік еліміз

Мәңгі жасар жеріміз

Тәуелсіздік жасаған

Аға, әпкелеріміз.

Тәрбиеші: Тәуелсіздік күніне орай көрініс.

7. Күтпеген сәт: « Баланың түсі»

Қызы : Әже, әже шыраққа қарашы ұстап алайықшы.

Әже: Ау, қызым шошындың ба ? Жаман түс көрдің бе?

Қызы: Әже, әже көп түс көрдім, әже көп жарық күнді көрдім.

Әже: Е жарығым, ол сенің бақытың балам, Тәуелсіздігіміздің мәңгі жарық күні! Бара ғой, достарыңнан сүйінші сұрай ғой.

Қызы: Алақай, сүйінші! Тәуелсіздіктің таңы атып келеді.

Тәрбиеші: Тәуелсіздігіміз мәңгілік болғай.

Өзіміздің жеріміз, еліміз, теңгеміз бар.

Туымыз, Елтаңба, Әнұран теңіміз бар.

Елімізді, жерімізді басқарып отырған ел басымыз бар.

Енді міне біз тәуелсіз ел болдық.

Басқалармен терезесі тең болдық

Әрқашанда біз дайынбыз тайсалмай

Отан үшін болуға да құрбандық.

Құтты болсын бүгінгі мерекеңіз
Деңсаулықпен әкелсін берекеңіз-деп ортаға ересектер «Ер Төстік» тобы
бүлдіршіндерінің орындауында «Тәуелсіз елдің ұраны» атты әнін қабыл
алыңыздар!

8.Хор: «Тәуелсіз елдің ұраны»

Тәрбиеші:

Қазақстан – атамекен, құт қонған жер,
Кең дала, суы мөлдір, нұр тұнған жер
Көкорай белестері мақпал кілем
Қырлары қызғалдағы құлпырған жер. Құрметті қонақтар,Тәуелсіздік мерекесі
құтты болсын, еліміз–аман, жұртымыз тыныш болсын, бүлдіршіндеріміз
еліміздің мықты азаматы болыңдар !Осымен **«Республикам
мақтанышым»** атты ертеңгілігімізді тамашалағандарыңызға рахмет! Қош
сау болыңыздар!



